

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗК» АҚ өз салымшылары үшін цифрлық форматта тағы бір жаңа қызмет енгізді

"БЖЗК" АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) өз салымшылары үшін жаңа цифрлық қызметтерді ұсынуын жалғастыруда. Жыл басынан бері әрбір салымшы мен алушының жинақтау тарихындағы негізгі оқиғалар туралы ақпарат беретін Push-хабарламалардың жаңа цифрлық қызметі сәтті іске асырылды. Қазіргі уақытта бұрын іске асырылған *зейнетақы жарнасының түскендігі туралы хабарламаларды жіберумен* қатар мынадай маңызды оқиғалар бойынша хабарламалар жолдана бастады:

- *жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қосылуы, яғни жеке зейнетақы шотының ашылғандығы;*
- *18 жасқа толуы;*
- *зейнет жасына толуы, сәйкесінше, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығының туындауы;*
- *ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы төлемін алу құқығының туындауы;*
- *міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемін алу құқығының туындауы;*
- *зейнетақы жинақтарының жеке жоспарын іске асыру мониторингі;*
- *туған күнмен құттықтау*

Push-хабарламалар - Қор салымшыларына БЖЗК/ЕНПФ ұялы қосымшасы және enpf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы жіберілетін қысқаша мәлімдеме.

Ұсынылған сервистерді БЖЗК мамандары салымшылардың қалауы мен ең көп сұранысқа ие зейнетақы қызметтерін зерделеу негізінде әзірледі. Қордың меншікті сараптау жүйесі (ACRM) арқылы ауқымды көлемдегі деректерді талдау және өңдеу, алушыларды іріктеу, Push хабарламаларды қалыптастырып, жіберу жүзеге асырылады.

Жыл басынан бері Қордың шамамен 223 мыңға жуық салымшысы маңызды оқиғалар туралы хабарлама алды.

Хабарламаларды алу үшін салымшылар БЖЗК/ЕНПФ ұялы қосымшасы немесе enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте "Push-хабарламалар" бөлімі арқылы жіберілімге жазылулары қажет.

"БЖЗК" АҚ өз қызметі барысында салымшыларына қызмет көрсету сапасын жақсартуға әрдайым ұмтылады және цифрлық форматта ұсынылатын сервистер желісін үнемі кеңейтіп отырады. Қазіргі уақытта Қор зейнетақы қызметтерінің 90%-дан астамын онлайн-форматта ұсынады. Салымшылардың сайттағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетте өз шотынан кез келген кезең үшін үзінді көшірме алып, жеке деректемелерін өзгерту, болашақ зейнетақыларының болжамды мөлшерін есептеп, жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударып, Ұлттық Банктің басқаруына қайтару туралы өтініш беруге және тағы басқа да мүмкіндіктері бар.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).